

Бекітемін:

«Балдәурен» бөбек жай – бақшасының

менгерушісі:

І.Нұржанбаева А



Ересек топтарына арналған "Өнерлі екен он саусақ"

вариативтік компоненті

№	Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары:	Сағат саны
1	«Алтын күз»	Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.	1
2	«Түрлі түсті таспалар»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояумен сызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
3	«Түлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
4	« Бұлт күнді жапты»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету..	1
5	« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету.	1
6	«Кесені әшекейлеміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
7	«Сүлгіні әшекейлеу»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету.	1
8	«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру.	1
9	«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету.	1
10	«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту.	1
11	«Құстар»	Құстар туралы түсініктерін кеңейту.	1
12	«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету.	1
13	«Қыстағы шуақты күн.»	Қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушіледі.	1
14	«Түзу жолда, мен жүремін тура»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттырды.	1
15	«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін біледі	1
16	«Ұзын құлақ сұр	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтырды.	1

	қоян»		
17	«Аққала»	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейтті.	1
18	«Қысқы шыршалар»	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру.	1
19	«Сиқырлы таяқшалар»	Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру.	1
20	«Қар кесегі»	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.	1
21	«Атама арналған тымақ»	Балаларға киім туралы түсінік берді.	1
22	«Әдемі көйлек»	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету	1
23	«Саты»	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру.	1
24	«Қуыршақтың мойынорағышы»	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
25	«Анама арналған моншақтар »	Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету.	1
26	«Кесені әшекейлейміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастырады.	1
27	Алжапқышты әшекейлейміз	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету	1
28	«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашық хаты.»	Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету,	1
29	«Күн жарқырап, шөп өсті»	Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекіту Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	1
30	«Бақбақ»	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	1
31	« Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру,	1
32	«Машина»	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру., ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.	1
33	« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету.	1
34	Атама арналған тымақ.	Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен танысты.	1
35	«Сылдырмақ»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту.	1
36	«Ұзын құлақ сұр қоян»	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре білуге үйрету.Балаларды аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 02.09.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай? Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

Қорытынды Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындыған. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.
Күні:09.09.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түрлі түсті таспалар»

Мақсаты:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояумен сызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

Қортынды:

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 16.09.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Түлі түсті орамал»

Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?

Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Орамалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.

Кәне, балалар алдыларыңдағы орамалдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар.

Сергіту сәті:

Доп – доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

Қортынды: орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 23.09.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Бұлт күнді жапты»

Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сүр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сүр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сүр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сүр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Біз үйде біз бесеуіміз.

Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 30.09.2021ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Кілемше»

Мақсаты: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалар кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қазіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тұрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары

Күні:07.10.2021ж.

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз»

Мақсаты:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?» Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қөрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды.

Екі қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

Қортынды: Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары

Күні: 14.10.2021

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу»

Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

Қортынды:

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 21.10.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»

Мақсаты: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:

Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады. Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр. Олай, болса тікенектерін салыңдар. Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

Қортынды:

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.

Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 28.10.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу»

Мақсаты: Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер? Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген. Балалар табақты не үшін пайдаланады? Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.

Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген. Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.

Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер. Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

Қортынды:

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні:04.11.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрындар,

Ойын – сауық құрындар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Қортынды:

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 11.11.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші».

Тақырыбы: «Құстар»

Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.

Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құстардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі. Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады. Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек. Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен. Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші. Балалар алдыларыңда торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық.

Қортынды:

Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 18.11.2021ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр» **Мақсаты:** Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Балалар терезенің алдына келіңдерші. Далада не жауып тұр?

Дұрыс айтасыңдар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр. Балалар қазір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасыңдар айнала аппақ, қар жауып тұр. Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті. Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар. Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласыңдар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасыңдар. Бұлттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен саласыңдар. Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

Қортынды:

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 25.11.2021

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: Қыстағы шуақты күн.

Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

Сергіту сәті:

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

Қортынды:

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі. Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттігін меңгереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 02.12.2021

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Түзу жолда, мен жүремін тура»

Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке, Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық: Мен сендерге арнап ұнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық: сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара. Кәне, балалар ұнтаспадағы әуенді тыңдаймыз. Ой! балалар жақсы әуен екен. Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік. Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр. Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдiңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады. Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады. Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар! Ал енді қолдарыңды сүртiңдер. Сергiту сәтi:

Тербеледi ағаштар,

Алдымыздан жел есiп.

Кiп – кiшкентай ағаштар, Үлкен болып өседi.

Қортынды: Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні:09.12.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: « Мерекелік отшашу»

Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарындағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

Қортынды:

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 16.12.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»

Мақсаты:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!

Қортынды:

Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 23.12.2021

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сұп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріңдерші. Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәті:

Ауыл алды аққала,

Ақша қарда балалар .

Соғып жатыр Аққала,

Жалқауы жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсыңдар балалар!

Қортынды:

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Ақққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 30.12.2021

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Қысқы шыршалар»

Мақсаты: Балалрдың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы. Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған. Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады
Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайды ма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз.

Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гүледі.

Қортынды:

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 06.01.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сиқырлы таяқшалар»

Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік. -Балалар бізге бүгін Айсана қонақа келіпті.

- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сиқырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сиқыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сиқырлы таяқшалар. Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз. Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз. Ол үшін бізге қатты қағаз керек.

Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояймыз да, жіп тағып сызып қоямыз. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. Жарайсыңдар балалар!

Қортынды: Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды. Әртүрлі суреттер салуға болатындығын. Сызықтар, дөңгелектер салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 13.01.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Қар кесегі»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір – біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасын сұқ саусақты малып, қар кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Балалар сендер балабақшаға келе жатқанда жерде нені көрдіңдер?

Қардың түсі қандай?

Қардың түсі аппақ, өзі суық. Балалар сендер қолдарыңа қарды ұстасаңдар, қолдарың тоңып қалады.

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады,

Ол не? Балалар иллюстрациялық суреттерді көрейік. Балалар қар жылдың қай мезгілінде жауады? Қыс мезгілінің басқа мезгілден айырмашылығы неде? Балалар сендер қармен далада не істейсіңдер? Қайтып ойнайсыңдар? Дұрыс қар кесегімен ойнайсыңдар. Ал енді қарт кесегін көз алдыларыңа елестетіп, қолдарыңа ұстап, жентектеп бір – біріне лақтырған қимылды жасаңдар. Балалар енді сурет дәптерде берілген қар кесегінің суретін, сұқ саусақты иіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салыңдар. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасайсыңдар.

Сергіту сәті: Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гүледі,

Қортынды:

Қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды.

Қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын.

Сұқ саусақпен қар кесегін салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 20.01.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: Атама арналған тымақ.

Мақсаты: балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.

Балаларға қонаққа қарт атай

(жоғары сынып оқушысына рөл

ойнатуға болады) келеді. Ол өзімен

бірге балаларға сыйлыққа құрт ала келеді. - Балалар, атай сендерді дұрыс ести алмай отырған сияқты, себебін сұрап та үлгердім. Атай баскиімсіз жүрем деп, құлағына суық тигізіп алыпты. Атайдың құлағы жақсы естуіне көмектескілерің келе ме? Атай сендерге сыйлығын алып асығып келе жатқанда, боран басындағы тымағын ұшырып, ол қалың болғандықтан, тек қыс айларында ғана қолданылады. Өзінің пішініне қарай ол бас пен желкені, мойынды суықтан, қатты желден қорғайды. Себебі құлақшалары болады. Тымақ жануарлар терісінің сыртынан қалың матамен қапталып тігіледі. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. - Балалар, енді үлгі ретінде ілінген суретке қарап отырып, тымақтың суретін салып, қонаққа келген атамызға тарту етейік. Зер салып қарап алыңдар, тымақ неше бөліктен тұрады? Оның әрқайсысын жеке салған дұрыс па, әлде біріктіріп саламыз ба? Ата балаларға алғысын білдіреді. Тапсырманы жаңсы орындаған балаларды тәрбиеші ерекше атап шығады. Тымақ деген қандай болатынын білесіңдер ме? Адамдарға арналған баскиім.

Қортынды: Ер адамның баскиімі тымақ туралы мәліметтерді, оның қандай бөліктерден құралатыны туралы біледі. Тымақтың суретін салу дағдысын игереді. Тымақтың түрімен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 27.02.2022

Вариативтік компонент:

«Сиқырлы суретші»

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: «Әдемі көйлек»

Мақсаты: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: әдемі көйлек

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана.

Мотивациялық-қозғаушылық

Балалар қуыршақ Айсан жылап отыр екен. Айсананы кім ренжіткенін сұрайықшы.

Маған ешкім тиіскен жоқ... Бірақ күшік досым қонаққа шақырған, қонаққа киетін әдемі көйлегім жоқ деп жылап отырмын. Балалар Айсанаға көмектесеміз бе?

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Балалар әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мортаңбаны, қылқаламды, Саусақтарыңды пайдалануға болады. Қылқаламның көмегімен, сұқ саусақтарыңмен пайдалануға болады. Қылқаламның ұшымен тамызып бояуға, мақта оралған таяқшалар арқылы дөңгелек түсіруге болады, Сүрткішті дұрыс пайдалану керек. Бір – бірлеріңе бөгет жасамай дұрыс отыруларың керек. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Белімізді жазамыз. Жоғары – төмен қараймыз. Оңға-солға, түзу тұр. Бойымызға күш жинап,

Біз демалып қаламыз.

Рефлексиялық-түзетушілік Балалар Айсана сендердің әдемі көйлек салғандарыңа қуанып, күшік досының үйіне баратындығын айтып жатыр. Сендерге рахметін айтып жатыр. Тыныс алу жаттығуымен аяқтаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көйлекте әртүрлі болатындығын

Игереді: маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін.

Меңгереді: мортаңба, қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекелей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 03.02.2022

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

Тақырыбы: «Қуыршақтың мойынорағышы»

Мақсаты: Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.

Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: мойынорағыш, баскиім.

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар, қуыршақ Айсана, қуыршақ киімдері.

Билингвальды копонент: мойынорағыш - шарф.

Мотивациялық-қозғаушылық Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап аттқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар. Балалар киімдер жыл мезгіліне қарай іртүрлі болады. Мысалы Айсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Ал, балалар Айсананың мойынорағышы жоқ екен. Айсана далаға шығамын дейді, бірақ мойынорағышым жоқ дейді. Айсанаға мойынорағыш жасап береміз бе?

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері: Шаттанайын менде, Шаттанасың сенде, Шаттанайық бәріміз, Арайлап аттқан күнде. Балалар менде кішкене әдемі сандықша бар, сол сандықшаның ішінде Айсананың киімдері бар. Балалар киімдер жыл мезгіліне қарай іртүрлі болады. Мысалы Айсананың қысқы киімдері. Мынау баскиімі, шапаны, қолғабы, етігі. Балалар суреттегі мойынорағышқа көңіл бөліп қараңдаршы. Мойынорағышта әр түсті жолақтар бар. Кәне, балалар әр жолақтардың түстерін атайықшы: қызыл, сары, ақ, көк, жасыл. Балалар алдыларыңда үзік сызықпен сызылған жолақтар бар. Сол үзік сызықтардың үстінен бастырыңдар. Ал, енді жолақтарды рет – ретімен түрлі – түсті қарындаштармен бояңдар. Балалар жолақтардың сыртына шығармай бояңдар. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел есті, Кіп – кішкентай балалар Кіп – кішкентай балалар Үлкен болып өседі.

Рефлексиялық - түзетушілік Балалар , сендер салған мойынорағыштар қуыршақ Айсанаға ұнады, Кім қандай түсті пайдаланды?

Балалар сендердің салған суреттерің әдемі болып шықты.

Ал, балалар енді «Қуыршақты киіндір» ойынын ойнап бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қуыршақ киімдерінің атауларын .

Игереді: мойынорағышты салуды.

Меңгереді: бояу қарындашпен біркелкі бояуды.
оспары

Күні: 10.02.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?

Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

Қорытынды Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындыған. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 24.02.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші» **Тақырыбы:** «Түрлі түсті таспалар» **Мақсаты:** Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояумен сызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ққыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасындар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салындар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсындар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

Қортынды:

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 03.03.2022

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түрлі түсті орамал»

Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?

Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Орамалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.

Кәне, балалар алдыларыңдағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар. Сергіту сәті: Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

Қортынды:

орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні:10.03.2022

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Бұлт күнді жапты»

Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сүр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сүр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сүр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сүр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Біз үйде біз бесеуіміз.

Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары

Күні: 17.03.2022

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Кілемше»

Мақсаты: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалар кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қазіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тұрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 24.03.2022

Вариативтік компонент:

«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз»

Мақсаты: Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?» Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.

«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды. Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.

Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қорнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Қортынды:

Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

Қазақтың әр-түрлі ою - өрнектері ішінде

«тұмарша» мен қой ізі өрнектерін жасауды.

«Қой ізі» өрнектерін салуды, атаға көмектесуді, жақсылық жасауды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 31.04.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу»

Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

Қортынды:

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 07.04.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»

Мақсаты: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады. Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр. Олай, болса тікенектерін салыңдар. Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

Қортынды:

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.

Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 14.04.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу»

Мақсаты: Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер? Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген. Балалар табақты не үшін пайдаланады? Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы.

Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген. Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.

Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер. Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

Қортынды:

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 21.04.2022

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрындар,

Ойын – сауық құрындар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларыңда мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті: **Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»**

Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»

Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Қортынды:

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 28.04.2022ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Құстар»

Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.

Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құстардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді. Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі. Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады. Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек. Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен. Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші. Балалар алдыларыңда торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық. **Қортынды:** Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні:05.05.2022

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: Қыстағы шуақты күн.

Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

Сергіту сәті:

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

Қортынды:

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.

Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 12.05.2022ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түзу жолда, мен жүремін тура»

Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,

Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық:

Мен сендерге арнап ұнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар ұнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіндер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады.

Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіндер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар,Үлкен болып өседі. **Қортынды:**Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 19.05.2022ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: « Мерекелік отшашу»

Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады. Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарындағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік. Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

Қортынды: Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Қарындашпен әдемі етіп түрлі түсті сурет салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 26.05.2022ж

Вариативтік компонент: «Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»

Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қоянның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қоянның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!

Қортынды:

Қоянның дене мүшелерінің атауларын. Қоянның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

Күні: 03.09.2021-ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Мақта қыз бен мысық

Мақсаты:

Білімділік: «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.

Дамытушылық: балаларды өнерге бейімдеп, сөздік қорын, әртістік қабілетін арттыру.

Тәрбиелік: өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.

Қойылым кейіпкерлері: ертекші, мақта қыз, мысық, дүкенші, сиыр, тауық, ағаш, тышқан.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, атрибуттар, суреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз. Сәлем! Сәлем! Сәлем! Жұмбақ жасыру: Өзі жап-жас мұрты бар, Ет пен сүтке ұмтылар. Тастамайды жылы үйде, Түкті тонын шүп-шұбар	Шеңбер ішінде қол ұстасып, бір-біріне жылуларын береді. Жауабы: Мысық
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жұмбақтың шешуін тапқаннан кейін балаларға бүгінгі оқу іс-әрекетінің тақырыбын айту. -Балалар бүгін біз сіздермен ертегіні оқып қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзімізді ойнап көрсетеміз. Бұл ертегі «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Ендеше балалар мен сендерге осы ертегіні оқып берейін. Ертегіні оқып беру. Бірге сахналаймыз. Д/о: «Кім шапшаң?» «Мысық» сөзіне сөйлем құрау	Балалар ертегіні ұйып тыңдайды. Ұй жануары

	Мысық... Оны үйде... Менде... Ол... <i>Сергіту сәті</i> Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін, Ойнап отыр!	Асыраймыз Ақ мысық бар Тышқан аулайды Қимылмен орындайды.
Рефлексивті- түзетушілік	Сабақты қорытындылау: Балаларға «Мақта қыз бен мысық» ертегісін интерактивтік тақтада көрсету, сұрақ –жауап алу. Балалар, менің ертегімді тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін жақсы сомдағандарын үшін рахмет!	Ертегіні тақтадан көреді. Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын толық жеткізуді біледі және оны сахналай алады.

Не меңгерді: Ауызекі сөйлеу,ойын еркін жеткізу дағдысы қалыптасады.

Не істей алады:Тілазарлық-жат қасиет екенін түсінеді.

Технологиялық карта №2

Күні:10.09

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Үйшік

Мақсаты:

Білімділік:Балалардың сөйлеу мәдениетін ,еркін сөйлеп,өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету.

Дамытушылық:Балаларға ертегідегідей жағдаяттарды жұптаса орындату барысында сөйлеу арқылы тілдік қорларын, ойлау қабілеттерін, қиялдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік:Балалардың бойына мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Ормандағы ағаш үйдің суреті, үстел театры, аңдардың даусы жазылған ұнтаспа.

Әдіс-тәсілі: Баяндау, сұрақ-жауап, сахналау.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-	Шаттық шеңбері	Шеңбер ішінде

қозғаушылық	-Енді әдемі шеңбер құрып, халқымыздың ұлттық әуеніне, би қимыл қозғалысына біреше жат- тығу орындаймыз. Бірінші жаттығу. «Біз көңілді баламыз» Екінші жаттығу «Қамажай» Үшінші жаттығу «Қаражорға» Төртінші жаттығу «Балапандар» Бесінші жаттығу «Атамекен»	әуендетіп қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасайды.
Ұйымдастыру- Ізденістер	Біздерге ертегілер елінен хат келіпті. Бұл хатта былай деп жазылыпты. «Қымбатты балалар! Сіздерді орманға саяхатқа шақырамын.» -Барамыз ба? -Ендеше біз ертегілер еліне аттанайық. Онда бізді сиқырлы жел апарып тастайды. Көзімізді жұмамыз. Көзімізді ашамыз. Біз орманға келдік. -Енді біз бүгінгі тапсырмамыз «Үйшік» ертегісін сахналау. Қане алдымен ертегіде кездесетін кейіпкерлерді анықтап, әркім өзіне тиесілі маскаларды киеді. Ал мен ертекші боламын. Сергіту жаттығуы Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің.	Балалар ертегі әлеміне саяхатқа баратындарына қуанады Көздерін жұмып, әуен ырғағымен көздерін жұмып, орманды, тауды, теңізді асып ұшып келе жатқанын елестетеді. Ертегі кейіпкерлерінің маскаларын киген балалар ертегіні сахналауға шығады Балалар қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті- түзетушілік	Сабақты қорытындылау: -Балалар біздер қайда бардық? -Орманда нелерді кездестірдік?	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

	-Балалар, тату –тәтті болып,әрдайым бір-бірімізге көмектесіп дос болып жүрейік.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Ертегі туралы түсініктерін молайтып,жаңғыртып,ертегі кейіпкерлерін танып атай алады.

Не меңгерді:Берілген ертегінің мән мағынасын түсінді.

Не істей алады:Ертегіні презентация арқылы сахналайды.

Технологиялық карта №3

Күні:17.09.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Қасқыр мен қойшылар .

Мақсаты:

Білімділік: Ертегіні тыңдауға,ертегі кейіпкерлерінің сөздерін эмоциялық түрде баяндауға үйрету.

Дамытушылық: Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру

Тәрбиелік:Баланы өз ойын дұрыс, ідемі етіп жеткізуге үйрету

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлері,суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойына жинау, шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жұмбақ жасыру. Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келген желісті ат, Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. Балалар бүгін мен сендерге «Қасқыр мен қойшылар » ертегісін оқып беремін. Мазмұнын түсіндіру.	-Қасқыр

	<i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> Қасқыр не істейді? Қойшылар қасқырды не істейді? Қасқыр не деп жауап берді? Қасқырдың іс-әрекеті дұрыс па? Қойшылар қасқырды не үшін ұрды? <i>4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету</i> <i>Шаршадыңдар ма балалар, ендіше сергіту жаттығуын жасайық.</i> <i>Сергіту сәті:</i> <i>Барлық аңдар біздерге, Жиналыпты бір жерге. Аю жетті қорбаңдап, Түлкі келді бұлаңдап, Қасқыр қуып қоянды, Тап беруге шақ қалды, Тісі ақсиып бақылдап, Отыр міне сақ құлақ</i> -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Балалар ертегіні түсіндіңдер ме? -Жарайсыңдар балалар, олай болса біз ертегіні рөлге бөліп сахналап көрейікші.	Сұрақтарға белсене жауап береді. Ертегі мазмұнын әңгімелейді. Қимылмен көрсетеді. Өздері ойнайтын кейіпкерледі таңдап, сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	«Сөйлемді аяқта» ойыны Балаларға жабайы аңдардың бейнесі бейнеленген картиналарды көрсетіп, сөздерді аяқтап, қайталауды ұсыну.	Аю үлкен,ал қоян(кішкентай) Қасқыр ашулы, ал қоян(мейірімді) т.с.с

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Кейіпкерлерді ажырата алады

Не меңгерді: Рөлге еніп, кейіпкерлердің даусын салып үйренеді.

Не істей алады: Ойынға белсене араласады.

Күні:24.09.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Арыстан, қасқыр және түлкі

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыру, ертегіні сахналай отырып, тіл байлығын арттыру. Ертегі мазмұны бойынша бейнелеу. Әр түрлі мінез-құлықтарды ажырата білуге үйрету.

Дамытушылық: Әр түрлі ойындар арқылы оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, татулыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегінің суреті, конус театры.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сахналау.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Бүгінгі сабағымыз жақы өтсін деген тілекпен, көңіл-күйіміз жақсы болу үшін «шаттық шеңберін» өткізейік. Міне менің қолым, Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату болайық, Бәріміз дос болайық!	Балалар «Шаттық шеңберіне» тұрады, қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар бізде бүгін ерекше сабақ болады, біз сиқырлы пойызға мініп барлығымыз ертегілер еліне саяхатқа барамыз.Қане, жолға шығайық. Алдымен көзімізді жұмайық. -Күннің шуағы мол. -Алдымыздан самал жел еседі. Құстардың сайраған дауыстары естіледі. -Сендер көк шөптің үстінде ойнап жүрсіндер.Барлығың көңілдісіңдер.Міне, сендер ғажайып ертегі еліндесіндер. Көздеріңді ашып менің ертегімді тыңдаңдар. «Арыстан, қасқыр және түлкі» ертегісін мәнерлеп оқып беру.	Балалар бір-бірінің иығынан ұстап, А.Қалаубаеваның орындауындағы «Ертегілер» әнінің ырғағымен қозғалады. Көздерін жұмып елестетеді. Ертегіні барлығы ұйып, мұқият

	Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? - Қасқыр ше? - Арыстан әрекеті сендерге ұнады ма? Сергіту сәті: «Көңілді аңдар бии» Аю маң-маң басады, Түлкі бұлаң қағады. Қасқыр ылаң салады, Қоян қорқып қашады. Күн сәулесі төгілді, Орман іші көңілді. «Кім зерек» ойыны Шарты:Мына жерде аңдардың дене мүшелері бар, қай мүше қайсынікі екен, кане кім жылдам тауып береді? Жабайы аңдардың балалары Аюдың баласы- қонжық Түлкінің баласы- мыршай Қасқырдың- бөлтірік Қоянның – көжек Тиіннің – тиін баласы Кірпінің – кірпі баласы Түлкінің баласы- мыршай Қасқырдың- бөлтірік Қоянның – көжек	тыңдайды. Балалар ойынға белсене араласады Балалар түсінеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Енді балалар конус театры арқылы осы ертегіні сахналаймыз.	Балалар қойылымға белсене қатысады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:балалар ертегі мазмұнынигереді, кейіпкерлерін атай біледі.

Не меңгерді:ертегі желісін байланыстырып айта алады, сұрақтарға жауап береді.

Не істей алады:дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындарды белсене ойнайды.

Күні:01.10.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:Кім күшті?

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, ертегіні мәнерлеп айтуға үйрету.

Дамытушылық:Еңбектің бәрінен күштіекенін ұғындыру. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге баулу.

Тәрбиелік: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі:суреттер, атрибуттар.

Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Күндей жадырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап, Судай таза көңілмен. Бүгінгі күнімізді бастайық. <i>Психожаттығу : «Кубик»</i> арқылы көңіл-күйлерін білдіру.	Балалар «Шаттық шеңберіне» тұрады, қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Таңертең тұрғанда алдымен нені көреміз? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Жарайсыңдар балалар сендер күзтуралы біледі екенсіңдер.Ендеше бүгінгі оқу –іс әрекетімізді бастайық. Алдымен мен сендерге жұмбақ жасырайын, тездетіп шешуін табамыз. 1.Өзі көзі, Түсі жоқ, Көзі-өзі (Күн) 2.Отқа жанбайды, Суға батпайды.(Су) 3. «Айт!» десе жүгірмес, Су тисе сілкінбес.(Шөп) -Дұрыс балалар, барлық жұмбақтарды да дұрыс шештіңдер. Бүгін мен сендерге «Кім күшті?»	

ертегісін оқып беремін.

1) *Ертегі* кейіпкерлерінің *суреттерін көрсетіп,*

- «Осылардың ішінде ең күштісі қайсысы?» деген сұрақ қойып, балалар жауабын тыңдау.



Сұрақ-жауап:

- Қырғауыл қайда келіп қонды?
- Оған не болды?
- Ол мұзға не айтты?
- Мұз не деп жауап берді?
- Жаңбыр ше?
- Қара жерден күшті не болды?
- Көк шөптен күшті не?
- Тоқтыдан күшті? т.с.с.
- Құмырсқа неліктен бәрінен күшті болды деп ойлайсындар?

Сахналау.

«Кім күшті» ертегісін

Еңбек туралы мақал-мәтелдер оқып беру.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Еңбектің наны тәтті,

Ертегіні зерсала
отырып тыңдайды

- Мұзға
- Шаты айрылып қалады
- Сен неден күшті болдың?
- Бауырымды жаңбыр теспес еді.
- Жерге сіңіп кетпес едім
- көк шөпке бауырымды тестіремес едім
- көк тоқтыға мойнымды жұлдырмас едім
- Қасқыр
- Ол төзімді, еңбекқор, тыным таппайды.

Балалар рөлдерге бөлініп, ертегі мазмұны бойынша сахналайды

	Жалқаудың жаны тәтті.	Тыңдап, талдайды.
Рефлексивті-түзетушілік	«Кім шапшаң» дидактикалық ойыны.	Балалар ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: балалар ертегі мазмұнынигереді, кейіпкерлерін атай біледі.

Не меңгерді: ертегі желісін байланыстырып айта алады, сұрақтарға жауап береді.

Не істей алады: дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындарды белсене ойнайды.

Технологиялық карта №6

Күні: 08.10.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:Қу түлкі

Мақсаты:

Білімділік: Ертегі кейіпкерлерін аттарымен айтуға үйрету

Дамытушылық:Балалардың тілдік қатынасын ертегі сахналау арқылы дамыту.

Тәрбиелік:Ертегіойындар арқылы көркем сөзді тыңдауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдымен балалар біз бірімізбен жылулық шеңберіне тұрып амандасып алайық Алдымен біз амандасып аламыз Орманға біз барамыз. Қонақ болып қайтамыз, Үлкен кіші бәріне, Сәлемдесіп аламыз.	Балалар бір бірлерімен амандасады. Олар орманға баратындарына қуануда
Ұйымдастыру-Ізденістер	Ақырын әуен естіледі. -Балалар, орманға жету үшін психологиялық жаттығу жасаймыз. -Ал,балалар, дайындалыңдар, ұшамыз.	Балалар психологиялық жаттығуға дайын екендіктерін білдіреді. Балалар көздерін жұмып, ұшақты көздеріне елестетеді.

	Аспанда ұшып келеміз. -Балалар аспанда не көріп келеміз? -Дұрыс айтасындар. Ал енді төмен қараңдаршы, не көрдіңдер? -Дұрыс айтасындар, ендеше төменге ұшақ қалай қонса, бізде солай қонып көрейік. -Олай болса мен сендерге «Қу түлкі» ертегісін оқып беремін. Ертегіні сахналау. Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап. -Ертегі қалай басталады? -Түлкі қандай айла ойлап табады? -Жолбарыс түлкіге қалай алданып қалады? Сергіту жаттығуы Жайқалады ағаштар, Бетімізге жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен болып өседі. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Шелмен бірге жайқалған.	Балалар аспанда құстар, ұшақ, бұлт көргендері айналады. -Төменде орманды көргендерін айтады. Балалар ертегіні назар қойып тыңдайды. Балалар сахналайды. Балалар ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын «Суретте не жасырынған?» Балалар жасырынған суреттерде не бейнеленгенін табады. Оны сипаттайды, әңгімелейді.	Балалар ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: «Қу түлкі» ертегісін біледі

Не меңгерді: Рөлге еніп, кейіпкерлердің даусын салып үйренді

Не істей алады: Кейіпкерлерді ажырата алады.

Күні:15.10.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Қотыр торғай

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға ертегіні тыңдауға ертегі кейіпкерлерінің сөздерін эмоциялық түрде баяндауға үйрету.

Дамытушылық:Ақыл-ойын, бақылағыштығын дамыту

Тәрбиелік:Балаларды зейінділікке, тапқырлыққа, тез ойлау қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар

Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын, ой сергіту, жұмбақ.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қолдарындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, тілектерін айтады.	Жылы сөздер айту арқылы амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің қандай ерекшелігі бар? -Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? -Қыста қандай мерекелер болады? -Қыста қандай құстар қоныстанып қалады? -Өте дұрыс, балалар. Ендеше мен сендерге бүгін «Қотыр торғай» ертегісін оқып беремін. Сөздікпен жұмыс: <i>Шеңгел – тікенекті өсімдік.</i> <i>Сылдырмақ – шеңгелдің гүлі.</i> <i>Жабағы – жылқы, жасына байланысты атауы.</i> <i>Қоспа – тағам.</i> <i>Жүн сабау – жүнді сабаумен (таяқпен) соғып жұмсарту.</i> Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-	-Қыс -Қар жауады,күн суытады -Ойнаймыз -Жаңа жыл -Торғай,қарға. Балалар ертегіні тыңдайды.

	жауап: - Торғай шеңгелге не деді? - Ешкі не деп жауап берді? - Қасқыр ше? - Жылқышы не айтты? т.с.с. Ертегіні сахналау Кейіпкердің дауыс мәнерін келтіре айтуын қадағалау, бағыт беру. Сергіту жаттығуы Күнде аспанға қараймыз, Қайтқан құсты санаймыз. Үшбұрыш боп тырналар, Көк жүзінде сырғанар.	Сұрақтарға жауап береді. Атрибуттар киіп, ертегіні сахналайды. Қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	<i>Қорытынды</i> <i>Дидактикалық ойын «Суретте не жасырынған?»</i>	Балалар жасырынған суреттерде не бейнеленгенін табады. Оны сипаттайды, әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегінің мазмұнын түсініп, суретке қарап мазмұнын айта білу.

Не меңгерді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын ойнап келтіреді.

Не істей алады:Ертегіге еніп, қиялдауды үйренеді.

Технологиялық карта №8

Күні:22.10.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Арыстан мен түлкі

Мақсаты:

Білімділік: Балаларды ертегі мазмұнымен толықтай таныстыру.


Дамытушылық:Ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдауға және дауыс ырғағын келтіруге үйрету.

Тәрбиелік:Өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Көрнекілігі: суреттер, саусақ театры.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, сюжеттік-рөлдік ойын,тақпақтар айту.

Іс-әрекет	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-
------------------	-------------------------------	-----------------------

кезендері		әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ертеңгілік шеңбер «Сәлемдесу» Келген қонақтармен амандасу	Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті, Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал қанекей бәріміз, «Сәлем» дейік үлкенге
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Қазір жылдың қай мезгілі? -Ауа-райында қандай өзгерістер бар? 1) <i>Жұмбақ жасыру:</i> Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. Түлкі туралы білетіндерін ортаға салып, қандай ертегілер білетіндерін айтады. Ол ертегілерде түлкі қандай кейіпкер екенін естеріне түсіреді. -Сендер жабайы жануарлар туралы не білесіңдер? -Жабайы жануарлар қайда өмір сүреді? -Олар немен қоректенеді? Балалар бүгін мен сендерге «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, сосын сұрақтарға жауап бересіңдер. 1) <i>Жабайы аңдардың суреттерін қарап, оларды ата</i> 	Сұрақтарға жауап береді. -түлкі Суреттерге қарай отырып, оларды атайды.



Олар туралы жұмбақтар шешу:

Жол үстінде қу қазық,
Жүргіншіге жол азық.

Жазда қыдырады,
Қыста тынығады.

Ит сияқты пішіні,
Жақтырмайды кісіні.

Балалар бүгін мен сендерге
«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып
беремін. Сендер мұқият тыңдап,
сосын сұрақтарға жауап бересіңдер.
*«Арыстан мен түлкі» ертегісін
мәнерлеп оқып беру.*

Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-
жауап:

- Түлкі арыстанға не үшін келді?
- Ол неге үңгірге кірмеді?
- Арыстанға не деп жауап берді?
- Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер?
- Сендерге қайсысының қылығы ұнады?

Ертегіні сахналау

қоян

аю

қасқыр

Балалар ертегіні зер
сала тыңдайды.

Сұрақтарға жауап
береді.

*Балалар рөлдерге
бөлініп, ертегіні
сахналайды.*

**Рефлексивті-
түзетушілік**

Ойын «Көңілді аңдар».

Мадақтау.

Аңдардың қимылын,
дауысын салады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Түлкі аңның ең қу екендігін, ол орманда мекендейтінін білді.

Не меңгерді:Жаңадан ертегіні ықыласпен тыңдап, оны меңгерді.

Не істей алады:Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере алады

Күні:29.10

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:Ақыл, ғылым және бақыт

Мақсаты:

Білімділік:Ертегінің мазмұнымен толық таныстыру

Дамытушылық:Балалардың әлеуметтік ортада жағымды мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбиелік:Балалардың тіл байлығын байыту, сөздік қорын кеңейту.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Ғажайып жұлдызша» жылулық шеңбері Балаларға үлкен «Ғажайып жұлдызшаны»көрсетіп, бір- біріне беру арқылы бір біріне жақсы тілек айту ұсынылады.	Балалар қол ұстасып, шеңбер бойына тұрады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) Балалардан қандай ертегілер білетіндерін сұрау. Ол ертегілердегі өздеріне ұнайтын кейіпкерлері жайлы әңгімелету. <i>Д/ ойын: «Қай ертегі екенін тап».</i> 2) «Ақыл, ғылым, бақыт» ертегісін мәнерлеп оқып беру. <i>Сұрақ-жауап:</i> - Ақыл, ғылым, бақыт үшеуі не деп таласты? - Сарапшылар бақытқа не деді? - Ғылымға ше? - Сендер қалай ойлайсыңдар, ең бастысы не? - Адамға тағы не керек деп есептейсіңдер? Балалар жауабы тыңдалған соң, адамға бұлардан басқа денсаулық, еңбек, білім қажет екенін айту. Сол сияқты достық, мейірімділік, адалдық сияқты жақсы қасиеттер де адамның ақылына байланысты болатынын түсіндіру. <i>3) Оқу-білімге қатысты</i>	Балалар өздеріне таныс ертегілері туралы айтады. Белсене араласады. -Бір-бірінің артықшылығын айтып, таласқа түсті. -Талап, достық,мейірім т.б жақсы қасиеттер

	<i>жұмбақтар шешу:</i> Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. Аяғы біреу, қолы жоқ, Шиыр-шиыр жолы көп. Өзі сөйлей білмейді, Салған ізі сөйлейді. Аппақ дала, сепкен дән, Сепкен дәнін түсінуге жараған. <i>4) Мақал-мәтелдер:</i> Ақыл – азбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен. Ақыл көпке жеткізеді, Өнер көкке жеткізеді. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. Сергіту жаттығуы: Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық	-кітап -қарындаш -әріптер Мақалдың мағынасын түсінеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Сұрақ-жауап. Ойын «Кім көп біледі?». Мадақтау	Бүгінгі өткен сабақ бойынша қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Балаларға адам бойындағы жақсы қасиеттердің маңызын түсіндіру.

Не меңгерді:Ақыл мен ғылым бар жерде бақыт болатынын.

Не істей алады:Ертегі мазмұнын еркін баяндай алады.

Технологиялық карта №10

Күні: 05.11.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:Торғай мен тышқан

Мақсаты:

Білімділік:Торғай мен тышқан туралы түсініктерін қалыптастыру.

Дамытушылық:Қимылды ойындар ойнату арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелік:Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі:торғай мен тышқаның суреттері, атрибуттар, слайд шоу.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Қимылды ойын : «Азық жинау» Себеттің ішінен ыдысқа салынған арпа мен тарыны алып шығып, оларды құстардың азығы екенін түсіндіру.	Балалар әуенмен жерге шашылған құстардың азығын жинау керек.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) <i>Торғай мен тышқанның суреттерін көрсетіп</i>, олар туралы қандай ертегібілетіндерін сұрау. Олардың сыртқы пішіндерін, түрлерін сипаттау.  2) <i>«Торғай мен тышқан» ертегісін мәнерлеп оқып беру.</i> Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Торғай мен тышқан бірігіп не істеді? - Олар не үшін төбелесті? - Би олардың дауын қалай шешіп берді? - Олар онымен келісті ме? 3) <i>Сурет бойынша ертегі мазмұнын әңгімелеу.</i> Сөйлемдерді толық айтуын, байланыстыра сөйлеуіне мән беріп, қадағалау, бағыт беру. Қиналған балаларға жетекші сұрақтар қою. Сергіту сәті:	Торғай мен тышқан туралы білетіндерін ортаға салады. Ертегіні зер сала тыңдайды. -Егін екті -Бидай үшін -Тең қылып бөліп берді -Иә Балалар ертегі мазмұны бейнеленген суретке қарап, ертегіні айтып береді.

	Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. 4) <i>Достық, татулық туралы мақал-мәтелдер:</i> Бірлік болмай, Тірлік болмас. Татулық – табылмас бақыт. Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. Ұрыс ырысты қашырар, Ынтымақ халықты асырар.	Балалар Орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады. Отырады Құсқа ұқсап ұшады Қолдарын жоғары көтереді Мақал-мәтелдердің мағынасын түсінеді
Рефлексивті-түзетушілік	« <i>Біз нені білдік?</i> » Өткен оқу-іс әрекеті жайлы сауалдар қойып қорытындылау.	Сұрақтарға жауап беріп, сабақ қорытындыланады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Құстар жайлы білімдерін кеңейді

Не меңгерді: Сұраққа ертегі желісі бойынша толық жауап береді.

Не істей алады: Ертегі желісі бойынша жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата біледі.

Технологиялық карта №11

Күні: 12.11

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Қасқыр мен қозы

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың үй жануарлар мен жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту.


Дамытушылық: Балалардың ертегіні мазмұндау тілдерін, ойларын дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын, слайд шоу.

Іс-әрекет	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың
-----------	------------------------	------------

кезеңдері		іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Шуақ шаша, Алтын таң да. Мөлдір таза ауа да. Табиғаттың бәрі оянды, Оян сен де бар бала. Иә балалар,біз әрбір атқан таңға, келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз.	Бір бірімен сәлемдесу, күнге сәлем беру. «Алақай, алақай » деп алақандарын шапалақтайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) <i>Жұмбақ шешу:</i> Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды кісіні. Аласа ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. 2) <i>Балалардан қасқыр мен қой туралы не білетіндерін сұрау.</i> <i>Қасқыр</i> – жабайы аң. Орманда өмір сүреді. <i>Қой</i> – үй жануары. Оның төлі – қозы деп аталады.  Ойын «Қайсысы қалай дыбыстайды?» Сиыр мөңіреді. Түйе боздайды. Жылқы кісінейді. Ешкі маңырайды. 3) <i>«Қасқыр мен қозы» ертегісін мәнерлеп оқып беру.</i> Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Қасқыр қозыға не деп айғайлады? - Қозы қалай ақталды? - Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы? 4) <i>Ертегіні сахналау.</i>	-Қасқыр -Қой Тыңдайды. Жауап береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды

Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Аңдардың баласын ата» Аңдардың балаларының суреттерін көрсету.	Аңдардың баласын қалай аталатыны суреттерге қарап айтады.
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды танып, оларды ажырату және олардың адам өміріне тигізер пайдасы мен зияныжайлы толық біледі

Не меңгерді: Барлық үй жануарларына қамқорлық жасау керектігін білді.

Не істей алады: Оқу іс –әрекетін бар ынтасымен тыңдап, ойынға белсене араласты.

Технологиялық карта №12

Күні: 19.11.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Қасқыр мен адам

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыру, ертегіні сахналай отырып, тіл байлығын арттыру.

Дамытушылық: Әр түрлі сабақтың әдісі арқылы оқу іс-әрекетіне қызығушылығын дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, татулыққа, ауызбірлікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар, ойындар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсыну. Ойынға негізі ұялшақ, өзіне сенімсіз, жасқаншақ баланы шақырған жөн. Педагог «күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесінен қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), ол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады да, ортада отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады.	Балалар шеңберге жиналады. Балалар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) <i>Жұмбақ шешу:</i> Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды кісіні. <i>Қасқыр</i> – жабайы аң. Орманда өмір	-Қасқыр

	сүреді. 2) «Қасқыр мен адам» ертегісін мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Қасқыр егіншіге келіп не деді? - Егінші оны аңшылардан қалай құтқарып қалды? - Қаптан шыққан қасқыр егіншіге не айтты? - Егіншіге көмектескен не? - Бұл ертегіде де түлкі қандай кейіпкер боп көрінеді? - Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы? - Жағымды кейіпкер қайсысы деп ойлайсыңдар? <i>Сергіту сәті</i> Таңертең күнге қарап тұрасың, Түсте тағы күнге қарап тұрасың. Сонда өзің айтшы кім боп шығасың? Таптым, таптым Күнді баққан, Үкі таққан, Күнбағыс боп шығасың. 3) Ертегіні сахналау.	Балалар сұрақтарға жауап береді Бастарын алға, жоғары, артқа бұрып қаратып, Күннің бағытына қарай қозғайды Алақанын жайып, қолдарын ақырын көтереді Сұраған кейіпте шапалақтау Бір бірінің қолдарынан мықтап ұстап, жоғары көтеріп, күнбағыстың бейнесін келтіреді. Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	«Біз не білдік?» Қасқыр-жабайы аң. Ол орманда өмір сүреді.	Балалар бүгінгі сабақта алған білімдерін пысықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме бере алады.

Не меңгерді: Ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.

Не істей алады:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтірді.

Технологиялық карта №13

Күні:26.11

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Ұр, тоқпақ

Мақсаты:

Білімділік:Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізуге баулу.

Дамытушылық:Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрметке баулу.

Тәрбиелік:Балаларды ертегі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар,қазан,тоқпақ, есектің суреті.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Мен қандаймын, қандаймын, Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанасың достарым, Арайлап атқан күнге.	Балалар қимылмен көрсетеді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнасыңдар ма? Қандай ертегілерді білесіңдер? Балалар, ертегі туралы ән білесіңдер ме? Өте жақсы, бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз.Бұл ертегі «Ұр тоқпақ»деп аталады. Ертегіні мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі қалай аталады. - Шал мен кемпір қалай күн көріпті. - Шал тұзағына не түсіреді. - Қазбайдың үш жақсы нәрсесін ата. - Шал мен кемпір қалай мұратына	Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.

	жетеді. -Ертегі кейіпкерлері кімдер? Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. Ертегіні сахналау.	Қолдарын жоғары көтеріп, тербеліп тұрады. Бастарын ию Қолдарын алға созып, трактор, комбайн Жүргізген сияқты бейнелеу Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті- түзетушілік	Балалар біз қандай ертегімен таныстық? Ертегі сендерге ұнады ма? Өте жақсы балалар, ертегіні жақсы түсініпсіңдер, сұрақтарға жауап бердіңдер, осымен бүгінгі оқу іс- әрекетіміз аяқтаймыз.	-Ұр,тоқпақ -иа

Күтілетін нәтиже:

Не білді:«Ұр, тоқпақ»ертегісін біледі.

Не меңгерді:Кейіпкерлерді ажырата алады.

Не істей алады:Рөлге еніп, кейіпкердің даусын салып үйренеді.

Күні:03.12**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Ертегі тыңдай білейік**Тақырыбы:** Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?**Мақсаты:**

Білімділік:Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың бір-бірінен ерекшелігі, бәріне ортақ белгілері, қозғалыс, тіршілік, әрекеті туралы түсіндіру.

Дамытушылық:Жануарлар жайында сипаттап айтуға үйрету; олардың төлдерін қалай аталатынын айту.

Тәрбиелік:Үй жануарларын қамқорлауға тәрбиелеу.**Көрнекілігі:** Үй жануарлары бейнеленген суреттер, олардың төлдерінің суреттері, атрибуттар.**Әдісі:** оқу, түсіндіру, ойын,әңгімелесу, жеке жұмыс.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар, алдымен сәлемдесіп аламыз. Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Білер қазақ баласы, «Сәлем сөздің анасы.»	Қайталап айтады, бір-бірімен амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендерді аналарың қалай еркелетеді? -Міне,балалар, сендерді еркелеткенде ата-әжелерің,әке-аналарың төрт түлік малдыңсүйкімді төлдерінің атын қолданады. Балалар сендерүй жануарларының қандай түрін білесіңдер? -Осылардың қайсысы сендерге қатты ұнайды? <i>Жұмбақ жасыру.</i> Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар Бетегелі белге бітем, Найза ұстаған ерге бітем Балаларға үй жануарлары туралы түсінікберу.Үй жануарларына қандай жануарлар жататынын атату.	-Құлыным, ботам, қошақаным. -Ешкі, қой, жылқы, сиыр -Балалар жауап береді. -түйе -жылқы

	 Мысалы: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық. Олардың адамға қандай пайдасы бар сол туралы балаларға сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. б) Бүгінгі сабақта «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?» ертегісімен танысатындарын хабарлау. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі тақырыбы қалай деп аталады? -Ертегі кейіпкерлері кімдер? -Ертегі сендерге ұнады ма? г) Ертегіні сахналау Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі	Мұқият тыңдайды. -Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды? -Түйе, жылқы -Иә Атрибуттар киіп, ертегі мазмұны бойынша сахналау.
Рефлексивті-түзетушілік	«Дыбысын ажырат» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлардың дыбысын ажырата білуге үйрету Сөздік жұмысы: Жылқы-лошадь Түйе-верблюды	Ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Үй жануарларының төлдерін ажырата білуді, суретке қарап әңгіме құрауды үйренді.

Не меңгерді: Түйе мен жылқының толық тыныс-тіршілігімен танысты, білді.

Не істей алады: Атрибуттар кию арқылы ертегіні сахналайды.

Күні:10.12.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Бөдененің құйрығы неге қысқа

Мақсаты:

Білімділік: Құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру

Дамытушылық: Құстардың тіршілігімен таныстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету.

Тәрбиелік: Құстар туралы түсініктерін бекіту, оларға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар, құстардың суреттері, мультимедиа.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын, көрсету, сергту сәттері.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жем су беріп қыс бойы, Балапынын бағамыз.	Балалар шеңбер бойына тұрып қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жұмбақ жасыру. Меңгіл-меңгіл меңгілше, Меңгілде бар тарғылша. Желіп кетсе жеткізбес, Жерге түссе табылмас.  Балаларға дала құсы бөдене туралы түсінік беру. Бөдененің адамға пайдасы бар ма, сол туралы балаларға сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. б) Бүгінгі сабақта «Бөдененің құйрығы неге қысқа?» ертегісімен танысатындарын хабарлау. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі тақырыбы қалай деп аталады? -Ертегі кейіпкерлері кімдер?	-бөдене Балалар тыңдайды. Ертегіні тыңдап, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

	-Ертегі сендерге ұнады ма? г) Сахналау Сергіту сәті: Құстар қанат қағады, Құстар қанат жаяды Аспанда қалықтап, Құстар ұшып-қонады. Құстар біздің досымыз, Құстарды біз қорғаймыз.	Атрибуттар киіп, ертегі мазмұны бойынша сахналау. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті- түзетушілік	«Құстар қалай ұшады?» ойыны	Балалар құстардың дауысын келтіріп, қимыл қозғалыстар жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Құстар, құстардың тіршілігі туралы біледі

Не меңгерді: Құстарға әрдайым қамқорлық көрсету керектігін түсінеді.

Не істей алады: Ертегіні мазмұндап, сахналай алады.

Технологиялық карта №16

Күні: 17.12.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Қарлығаш пен шөже

Мақсаты:

Білімділік: Дала құсы қарлығаш пен шөжемен таныстыру.

Дамытушылық: Ойындар арқылы балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. **Тәрбиелік:** Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балапандай баламаыз, Әсем сурет саламыз. Біз құстарды құрметтеп, Қамқорлыққа аламыз	Балалар қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Өте жақсы балалар, енді орнымызға отырайық. Дидактикалық ойын: «Анасын тап»	Балалар анасын балапандарымен жұптастырады.

	Шарты:Балаларға үй құстары мен дала құстарының балапандары суреттері үлестіріліп беріледі Жұмбақ шешу: <i>Түгі қара мақпалдай, Төсі ақ сыр жаққандай, Ұшса оқтай зулайды, Көктен жұлдыз аққандай</i> 2) Балалардан қарлығаш пен шөже туралы не білетіндерін сұрау. Қарлығаш-адамның досы, жанашыры, қай кезде де қамқор боп жүретін адал құс. Шөже-төбесі сұрғылт, тамақ асты қара, қоңыр дақты кішкентай торғай.  Дидактикалық ойын:«Дыбысынан таны» 3) « Қарлығаш пен шөже» ертегісін мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Қарағай басына кімдер ұя салды? -Шөже торғай балапанын қалай өсірді? -Қарлығаштың балапаны қалай өсті? -Ертегідегі жағымды, еңбекқор кейіпкер қайсысы? Ертегіні сахналау. Сергіту сәті: Қане, қанат жазайық, Құс боп ұшып алайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызды табайық.	-Қарлығаш Сұрақтарға жауап береді. Балалар атрибуттар киіп ролдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды. Балалар қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	«Құстар қалайдыбыстайды»дидактикалық ойыны Құстардың дауысы жазылған үнтаспаны тыңдату.	Балалар құстардың қалай дыбыстайтынын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтірді

Не меңгерді:Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамытты.

Не істей алады:Ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.

Технологиялық карта №17

Күні:24.12

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Сауысқан мен көкек

Мақсаты:

Білімділік:Дала құстары туралы білімдерін жетілдіру

Дамытушылық:Дала құстарының дыбысын ажырата білуге, есту арқылы қимыл жасауға үйрету

Тәрбиелік: Құстарды қорғай білуге тәрбиелеу

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: «Торғайлар мен автомобиль» ойыны Тәрбиеші «автомобиль», қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады.	Торғайлар алаңқайда гүлден гүлге секіріп, ұшып-қонып жүреді.Автомобильдің дауысын естісімен торғайлар өз ұясына ұша жөнеледі. Ұсталған торғай автомобиль болады. Ойын осылай жалғаса береді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жұмбақтар шешкізу Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап, Басына бөрік киер, құндыз ұстап. Үстіне ақ камзолын киіп алып, Жүреді екі қолын артына ұстап. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға, Жұмыртқа табамын.	-Сауысқан -Көкек

Күні:31.12

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Бақыт іздеушілер

Максаты:

Білімділік: Балаларға адам бойындағы жақсы қасиеттерді үйрету, әдеп әліппесінің кілтін және әдептілік қасиеттерді бойына сіңіру.

Дамытушылық: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Балаларды кішіпейілділікке, адамдармен қарым-қатынас жасай білуге, үлкенді сыйлауға үйрету.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Кім үлкенді сыйласа, Кім үлкенді тыңдаса. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де	Балалар бір бірімен амандасып, өлеңді қайталап айтады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалардың назарын отбасы мүшелері салынған суретке аудару. -Мынау менің отбасым -Отбасы мүшелерін атайықшы -Олар немен айналысуда? Балалар бүгінмен сендерге «Бақыт іздеушілер» ертегісін оқып беремін. «Бақыт іздеушілер» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> 1.Ертегі неге бақыт іздеушілер деп аталған? 2.Бай балалары не үшін қызмет жасамақшы болды? 3. Кіші баласы не іздеуге шығады? 4. Кішкентай жігіт қалай сыналды? 5. Бақыт іздеушіге алғаш кім кездесті?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Ертегіні мұқия тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді

	6. Патшаның тілегі не еді? 7. Ағаш түбінде отырған атайдың тілегі қандай? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Сендер не істер едіңдер? <i>4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.</i> <i>Сергіту сәті:</i> <i>«Бір, екі, үш...»</i>	
Рефлексивті-түзетушілік	«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын. Тәрбиеші алдын ала үлкен дөңгелек, шаршы үшбұрыш пішіндерді дайындап алады. Ал балаларға осы пішіндердің кіші көлемдерін үлестіріп береді. Ойынды қайталатуға болады.	Балалар музыка ырғағымен билеп жүреді, музыка тоқтағанда тәрбиешінің нұсқауымен «Өз үйінді тап» дегенде, балалар қолдарыдағы пішіндерімен өз үйлерін тауып жүгіреді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегінің мазмұнын терең түсінеді.

Не меңгерді:Ертегінің тәрбиелік жақтарын айта алады.

Не істей алады: Ертегіні еркін сахналай алады.

Технологиялық карта №19

Күні:07.01.2022-ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Білгір адам

Мақсаты:

Білімділік:Осыған дейін өткен іс-әрекеттерін қайталау,пысықтау арқылы білімдерін түйіндеп,сапасына көз жеткізу

Дамытушылық:Өтілген ертегілерді қайталап, жаңа сабақты жұмбақ, мақал-мәтелдер арқылы түсіндіру.

Тәрбиелік:Балаларды адам бойындағы барлық жақсы қасиеттерге баулу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сергіту сәті, дидактикалық ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дос болайық бәріміз, Жарасыптұр әніміз Тыныштықты сақтаймыз,	Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне жылы

	Атсын күліп таңымыз.	лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Бұл мезгілдің басқа жыл мезгілдерінен қандай ерекшеліктері бар? Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін тауып, әр жыл мезгілінің ерекшелігін тағы бір қайталап айтамыз. Жұмбақтар: 1. Жиын теріп болатын, Қамбаға астық толатын Қызыл орман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? 2. Шанамен зырлап жежетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? 3. Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен,селдеткен, Шалшық кешіп ойнайтын, Бұл қай кез деп ойлайсың? 4. Қойның толы жеміске, Көк майсалы егісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Өте дұрыс балаларкішкене сергіп алсақ, ендімен сендерге бүгін өткелі отырғанертегімен таныстырайын. «Білгір адам» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> 1.Ертегі неге білгір адам деп аталған? 2.Білгір адам баласына қандай ақыл айтады? 3. Баласы әкесінің ақылын не үшін сынамақшы болды? 4. Ол байдан не үшін қарызға ақша алмақшы болды? 5. Әйеліне қандай шындықты айтты? 6. Әйелі не үшін шындықты айтып	Балалар сұрақтарға белсене жауап береді. -Күз -Қыс -Көктем -Жаз Балалар сұрақтарға жауап береді.

	қойды? 7. Оны хан не үшін жазамалақшы болды? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Ханның баласы қалай аман қалды? 4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. Сергіту сәті: Жаздай болып жсанамыз, Күздей болып өнеміз. Құстар болып ұшамыз, Көбелектей қонамыз.	Ертегінің мазмұнын айтады. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгісәбаққа жақсы араласқан балаларды мадақтау. Қоштасу шеңбері: Біздің топта ұл-қыздар, Әлемдегі бар адамға Тек жақсылық ойлаймыз.	Жылулық шеңберіне тұрып, бірге айтды.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын терең түсініп, баяндай білді.

Не меңгерді: Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бере біледі

Не істей алады:Ертегіні сахналай білді.

Технологиялық карта №20

Күні:14.01.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Айлакер бала.

Мақсаты:

Білімділік:Балаларды өзара достарымен жағымды қарым-қатынаста болуға үйрету

Дамытушылық:Ізгі жасау, ақылды болу іскерліктерін дамыту.

Тәрбиелік:Татулыққа, достыққа,ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Жүректің макетін бір-біріне ұсынып, жақсы тілек, жақсы сөз айту.	-Дамир сен мейірімдісің. -Айсулу сен ақылдысың -Асылжан сен өте бауырмалсың т.с.с.

Ұйымдастыру-Ізденістер	1. «Айлакер бала » ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> 1. Ертегі неге « айлакер бала» деп аталған? 2. Баласы анасына қандай сұрақ қояды? 3. Анасы баласына «Бақыт» дегенді қалай түсіндірді? 4. Бала қандай шешім қабылдайды? 5. Бала не үшін жолға аттанды? 6. Бала алғаш нені кездестірді? 7. Бала өзін Дию-перілердің алдында қалай көрсетті? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Бала мұратына қалай жетті? Міне, балалар ақылды болсаң айлаңмен бәрінен де құтылуға болады. Сондықтан ақылды, қайырымды, мейірімді сонымен қатар айлакер болу керек. Кез келген қиындықтан ақылмен айла іздеп құтылуға болады. 2. Сурет бойынша әңгіме құрату. 3. Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. 4. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі, 5. Дидактикалық ойын: «Өз үйім» Тәрбиеші алдын ала ақ қағазға үйдің суретін салып, түрлі түсті қарындаштарды үйлестіріп береді.	Ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Әңгімеге араласады. Сурет бойынша әңгіме құрайды. Қимылмен көрсетеді. Ойынға белсене араласады. Үйдің суретін бояйды.

Рефлексивті-түзетушілік	«Біз не білдік?» бүгінгі өткен тапсырмаларды қайталау	Балалар сұрақтарға жауап береді.
-------------------------	---	----------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Адам бойындағы асыл қасиеттер туралы ойлары толысты.

Не меңгерді: Ертегінің мазмұнын түсінді.

Не істей алады: Ертегі кейіпкерлерін сомдайды.

Технологиялық карта №21

Күні: 21.01.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Лақтар мен қасқыр

Мақсаты:

Білімділік: Ұй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуға, оларды дұрыс атай білуге үйрету.

Дамытушылық: Ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Ұй жануарларына қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.	Шеңбер бойына тұрып, жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табасындар: Жұмбақтар: 1. Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келген желісті ат. Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. 2. Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. 3. Киелі бір жануар, Үстінде екі тауы бар. 4. Жол үстінде қу қазық Жүргіншіге жол азық Дұрыс шештіңдер балалар. Енді осыларды қайсысы ұй жануарлары,	-Қасқыр -Қой Түйе Қоян Қой мен түйе-үй жануарлары.

	қайсысы жабайы аңдар ажырата аламыз ба? Өте дұрыс. Олай бола бүгін мен сендерге «Лақтар мен қасқыр» ертегісін оқып беремін. «Лақтар мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> 1.Ертегі қалай аталады? 2. Ешкінің неше лағы болыпты? 3. Ешкі тоғайға не үшін кетеді? 4. Аналары тамаққа кеткенде лақтарға кім келеді? 5. Лақтары не үшін есікті ашпады? 6. Қасқыр қандай айла пайдаланды? 7. Аналары лақтарына не үшін риза болды? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Ешкінің әнін кім жатқа айтады? <i>Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.</i> Сергіту сәті: <i>Біз орманға барайық, Жан жазымызға қарайық. Аю шықты қорбаңдап Қасқыр шықты ырылдап, Түлкі шықты майысып, Қоян шықты секіріп, Қорықпаңдар балалар, Қызықтаңдар отырып.</i>	Қасқыр мен қоян-жабайы аңдар. Балалар сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді. Аюдың қимылын көрсетеді. Қасқырдың қимылын Қоянның қимылын
Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық? -Ертегі кейіпкерлері кімдер? -Ертегі сендерге ұнады ма? «Төлдерін ата» дидактикалық ойыны	Бүгінгі сабақты пысықтау мақсатында сұрақтарға жауап береді. Ойынға белсене араласады

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Суретке қарап мазмұнын айта білу, ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.

Не меңгерді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын ойнап келтіреді

Не істей алады: Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамытты

Күні:28.01.2022-ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Кұстар не дейді?

Максаты:

Білімділік:Құстар туралы түсініктерін бекіту.Құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық: Кұстардың тіршілігімен таныстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету

Тәрбиелік: Кұстарға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.

Көрнекілігі:күстардың суреттері, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балапандай баламаыз, Әсем сурет саламыз. Біз құстарды құрметтеп, Қамқорлыққа аламыз	Балалар шеңбер бойын тұрып, әндетіп қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балаларға өтілген ертегілерді сұрақ-жауап арқылы сұрай отырып қайталату. Бүгінгі сабақта жұмбақтардың шешуін тапқыза отырып, қандай ертегімен танысатындықтарын хабарлау. Жұмбақтар шешу. Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйсінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Жердегі құстың еркесі. Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. 3. «Құстар не дейді?» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> 1. Ертегі неге «Құстар не дейді?» деп аталған? 2. Кү кісі не деп мақтанады?	-аққу -қарлығаш Сұрақтарға жауап береді.

	3. Тыңдаушылар қуға қандай сұрақ қояды? 4. Қу дұрыс жауап бере алды ма? 5. Ол не деді? 4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. Сергіту сәті: Қане қанат қағайық, Мойнымызды созайық. Бір,екі,үш Құс аспанға ұш Бір,екі,үш Құс аспаннан түс Құстар жем жейді, Құстар су ішеді Бір,екі,үш Құс аспанға ұш Құстарға жасау туралы сурет бойынша әңгімелету, өлеңдер оқып беру	Ертегіні әңгімелейді Барлығы қимылмен көрсетеді. Сурет бойынша балалар өз ойларын білдіріп, әңгіме өрбітеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Жарайсыңдар балалар, енді сабағымызды қорытындылау үшінмен сендерге «Үй құстары мен дала құстары»деген ойын ойнатқым кеп отыр.Ойнаймыз ба? Ойын шарты: Балалар үсел үстіндегі суреттерді бір-бірден алып атауын атап, тақтаға іледі. Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	-Ойнайықшы Ойынға барлық бала қамтылды.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Құстар туралы, олардың өмірі жайлы,олардың атауларын білді

Не меңгерді:Құстарға әрдайым көмек керек екендігін

Не істей алады: Құстар туралы өлеідер жатқа айтады, жұмбақтардың шешуін таба алады.

Күні:04.02.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Шалқан

Мақсаты:

Білімділік:Ертегі еліне саяхат жасай отырып ертегінің мазмұнын ашу, үй жануарлары туралы мағлұмат беру, түсініктерін кеңейту.

Дамытушылық:Байланыстырып сөйлеуге үйрету,мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік:Балалардың бойына мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Шалқан ертегісінің суреті, конус театры.

Әдіс-тәсілі: Баяндау, сұрақ-жауап, сахналау.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<i>Шаттық шеңбері</i> Ертеңгілік шеңбер <i>«Сәлемдесу»</i> Күлімде, күн күлімде, жер жасарып көгерсін. Кешегіндей бүгінде, Қанат қақсын көгершін.	Балалар шеңбер бойына тұрып, қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз жылдың қай мезгілі екенін еске түсірейік. -Күз айларын маған кім айтып береді? -Ал, балалар күз мезгілі туралы кім тақпақ біледі. Күз айларының ерекшеліктерін кім айта алады? Балалар бізге қонаққа әже келді. Ортаға әже келеді. -Амансындар ма балалар.Мен сендерге ертегі айтып бергелі келдім. Алдымен жұмбақты қалай шешетіндерінді білгім келеді. 1.Шықпайды үйден, Тоны жібектен. Күндіз ұйықтайды, Түнде дамыл таппайды. Аңға барады. Сол аңды үйден табады.	-Күз -Қыркүйек, қазан, қараша -күн суытады, жапырақтар сарғаяды -Мысық

	2.Өзі егін екпейді, Егістен ұзапкетпейді. Диханның тұқымын Шашпай тек кетпейді. Қарны тоқ, Қайғысы жоқ, Мысық қуса жетпейді. Бүгін, балалар мен сендерге «Шалқан»ертегісін баяндаймын.Ертегі тыңдауға дайынбыз ба? «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: -Балалар ертегі қызық па екен? -Ертегі қалай басталды? -Ертегіде кімдер ойнайды екен? -Ал, енді балалар осы ертегіні рөлге бөліп сахналайықшы. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене балалар, Үп-үлкенболып өседі.	-Тышқан -Иә -Шал шалқан егеді -Кемпір, қыз, мысық, ит,тышқан Балалар атрибуттар киі ертегіні сахналайды. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті- түзетушілік	Сабақты қорытындылау: -Жарайсыңдар, балалар! Сендер нағыз әртіс боласыңдар.Ертегіні де тамаша ойнадыңдар.Әжей жәй келмепті ертегіні ойнаған балаларға тәттілері бар екен.Сол тәттілерді сендерге таратам дейді.Қане, дәм татайық.	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Ертегіні зейін қойып тыңдайды

Не меңгерді: Сұраққа ертегінің желісі бойынша толық жауап береді

Не істей алады: Ертегі желісіндегі кейіпкерлерге мінездеме беруі.

Күні:11.02**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Ертегі тыңдай білейік**Тақырыбы::** Бес ешкі**Мақсаты:****Білімділік:**Суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету**Дамытушылық:**Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту.**Тәрбиелік:**Достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу**Көрнекілігі:** суреттер, атрибуттар, костюмдер,магнитті тақта.**Әдісі:** оқу, түсіндіру, ойын, сахналау, сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Күн шығыпты алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң!Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе? Бәріміз күндей жарқырап, Бәріміз тату болайық!	Балалар өлең жолдарын қайталап, қонақтармен амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балаларға өтілген ертегілерді сұрақ-жауап арқылы сұрай отырып қайталату. Бүгінгі сабақта жұмбақтардың шешуін тапқыза отырып, қандай ертегімен танысатындықтарын хабарлау. Балаларға жұмбақтар жасыру. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Екі айнасы бар, Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар. Апан апан Ескі шапан. Иір қобыз, Жарық жұлдыз «Бес ешкі » ертегісін оқып беріп,	-Қой -Сиыр Түйе

	мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ – жауап:</i> Ертегі қалай аталады? Кедейдің қандай малдары болыпты? Бай кедейге қандай озбырлық көрсетті? Кедейдің қандай малдары бар? Кедей малдары қасқырдан қалай құтылды? Кедей малдарын қалай шақырды? <i>4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.</i> <i>Сергіту сәті:</i> Қорбаңдаған аюдың Құлпынай көп екен. Теріп теріп алайық Қалтамызға салайық	Сұрақтарға жауап берді Ертегіні әңгімелейді Қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Балалар біз қандай ертегімен таныстық? Ертегі сендерге ұнады ма? -Өте жақсы, балалар, ертегіні жақсы түсініпсіңдер, сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер, осымен бүгінгі оқу-ісі әрекетіміз аяқталды.	-Бес ешкі -Иә

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Ұйжануарлары туралы, олардың пайдасы туралы тереңінен түсіні алады.

Не меңгерді: Ертегіні түсініп, рөлге еніп ойнай алады.

Не істей алады: Суретке қарап әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық карта №25

Күні: 18.02

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түлкі мен маймыл

Мақсаты:

Білімділік: Балаларды түлкі мен маймыл тіршілігімен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың тілін дамытып, сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелік: Жануарлар әлеміне деген қызығушылығын арттырып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін. Қайырлы таң сіздерге де қонақтар	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар,ертегілереліне барамыз ба? -Ертегі дегеніміз не? -Біз қандай ертегілерді білеміз? -Бүгінгі күні біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз, ертегі әлеміндегі қызықтарды тамашалаймыз. Олай болса менің шарттарымды орындандар, сол шарттан сендердің дайындықтарыңды байқаймын. Жұмбақ жасыру: 1.Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. 2.Далада жүр шапқылап, Керемет бір саққұлақ 3.Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. -Өте дұрыс, шартты орындадыңдар, орманда қандай аңдар кездесетінін білдіңдер. Бұлар жабайы аңдар деп аталады.Енді көзімізді жұмып, саяхатқа аттанайық. Тәрбиеші аңдармен таныстырады. Ойын: «Бұл қай аң?» Ойынның шарты: Тәрбиеші бір баланың құлағына аңның атын сыбырлайды. <i>Ендеше балалар мен сендерді кезекті ертегімен таныстырамын.</i> «Түлкі мен маймыл» ертегісін мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-	Сұрақтарға жауап береді -түлкі -Қоян -Аю Балалар қолдарынан ұстап орманға саяхат жасайды. Бала сол аңның жүріс-тұрысын, қимылын,дыбысын салу керек.Ал қалған балалар қандай аң екенінтабу керек. Балалар зер сала тыңдайды. Сұрақтарға

	жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? Маймыл ше? «Оларды неге жабайы аңдар деп атаймыз? Олар немен қоректенеді? Өздерің тұратын жерде қандай жабайы аңдар бар? <i>Сергіту сәті:</i> Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой Жатып алып жағада, Іздегені шу ғой	белсене жауап береді. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	Қорытынды. Сонымен бүгін қандай ертегі кейіпкерлерімен таныстық? Жетекші сұрақтар қою арқылы қорытындылаймыз.	-Түлкі және маймыл

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын толықтай түсіне алады.

Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көре отырып, оларға мінездеме бере алады.

Не істей алады:Ойынға белсене араласады, ертегіні сахналайды.

Технологиялық карта №26

Күні:25.02.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түлкі мен бөдене

Мақсаты:

Білімділік: Ертегі мазмұнын түсіндіріп, кейіпкерлерге мінездеме бере білу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық:Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Табиғаттың сұлулығын көре білуге, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Мен қандаймын, қандаймын. Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін, Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым. Арайлап атқан күнге.	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Өлеңді бірге айтады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қандай ертегілерді білесіңдер? Балалар, ертегі туралы ән білесіңдер ме? Олай болса әнді орындап берейік. Өте жақсы, бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз. Бұл ертегі «Түлкі мен бөдене» деп аталады. Жұмбақ жасыру: Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. <i>Түлкі туралы не білеміз.</i> Ия балалар, түлкі қу, айлакер. Ол бар аңнан өзінің асырып жүреді. Түлкінің терісі әдемі, оның терісінен ішік, яғни тон тігеді. Әдемі құйрығынан жаға жасайды. <i>«Түлкі мен бөдене» ертегісін мәнерлеп оқып беру.</i> Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді?	-Иә -Өтілген ертегілерді айтады -Бәрі бірге орындайды. -түлкі Түлкінің түсі қызғылт сары, сәбіз түстес. Құлағы үшбұрыш, құйрығы бұлаңдаған, үлпілдек. Түлкі қу, айлакер. Ол бәрін алдап кетеді. Сұрақтарға жауап береді

	Бөдене ше? <i>Сергіту сәті:</i> <i>Ki-ki-ki...</i>	
Рефлексивті-түзетушілік	Қорытынды. Балаларға «<i>Көңілді аңдар</i>» ойынын ойнату. Мадақтау.	Балаларға ойын ойнату.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын толықтай түсіне алады.

Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көре отырып, оларға мінездеме бере алады.

Не істей алады: Ойынға белсене араласады

Технологиялық карта №27

Күні:04.03.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түлкі мен жолбарыс

Мақсаты:

Білімділік:Балаларға ертегіні мәнерлеп оқып беру, мазмұнын айтуға үйрету.

Дамытушылық:Есте сақтау, танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбиелік:Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін

	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Біз ерекше баламыз. Қайырлы таң апайлар, Қайырлы таң, балалар.	білдіреді. Өленді бірге қайталайды.
Ұйымдастыру- Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мегілі? -Бұл мезгіл басқа жыл мезгілдерінен қалай ерекшеленеді? -Ауа райында қандай ерекшеліктер бар? -Міне, құстардың даусы естіліп жатыр. Қане бәріміз көзімізді жұмып,көктем құстарының әсем даусын тыңдайық. Осы кезде қарлығаш ұшып келеді.Онын тұмсығында хат бар екен. -Ойбалалар, қарлығаш бізге не әкеліп тастады? -Бұл ғажайып хат кімнен болады екен, ашып көрейік. (конверт ашылады) Хат бізге ертегідегі тұлкіден келіпті. Хат ішінде бізге тапсырмалар бар екен. Тапсырма орындайық. Жұмбақ жасыру: 1.Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. 2.Барекен бір айуан көпке таныс, Мекені жүрер оның тау мен қамыс. Бұл өзі айланы көп, шапшаң епті, Жүректі бір айуанға қойса бетті. Қайтпайды, жара алмаса не өледі, Жүрмесе тынбайды ол, алмай кекті 3.Жылқы тұмсық, Ешкі құйрық. Есек құлақ. Қорқақ өзі,	Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар көздерін жұмып құстардың дауысын естіп, тыңдайды. Хат әкеледі. Тапсырма орындалады. -түлкі -Жолбарыс

	Қыли көзі Оларды неге жабайы аңдар деп атаймыз? Олар немен қоректенеді? Өздерің тұратын жерде қандай жабайы аңдар бар? <i>«Түлкі мен жолбарыс» ертегісін мәнерлеп оқып беру.</i> Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? Жолбарыс ше? Сергіту сәті: <i>Түлкі деген қу ғой, Жүрген жері шу ғой Жатып алып жағада, Іздегені шу ғой</i>	-Қоян -Жабайы аңдар -Қасқыр, қоян Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	Қорытынды. Балаларға <i>«Көңілді аңдар»</i> ойынын ойнату. Мадақтау.	Балаларға ойын ойнату.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Түлкі аңының өте қу екендігін, ол орманда мекендейтінін біледі.

Не меңгерді: Жаңадан ертегіні ықыласпен тыңдап,оны меңгереді.

Не істей алады: Суреттер бойынша сұрақтарға жауапбере алады, дамытушы орталықтармен жұмыс жасай алады.

Технологиялық карта №33

Күні:06.05

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Қоянның зары

Мақсаты:

Білімділік:Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету.


Дамытушылық:Баланаың сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік:Баланы еңбекке, татулыққа тәрбиелу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың
-----------	------------------------	------------

кезеңдері		іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Мен қандаймын, қандаймын, Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) Жұмбақ жасыру: 1. Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес ,бірақ малды орады. 2. Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. 3. Орғыған қорқақ, көзі қыли, Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді.  Балалар қоянның суретін қарап, ол туралы не білетіндерін ортаға салады. Оның сыртқы түрін сипаттайды. Қоян туралы қандай ертегі білетіндерін сұрау. Қоянның қандай кейіпкер екенін анықтау. 2. Ертегі «Қоянның зары» а) «Қоянның зары» ертегісін мәнерлеп оқып беру. ә) Сұрақ-жауап арқылы мазмұнын түсіндіру. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. -Балалар ертегі сендерге ұнады ма?	-Қасқыр -Аю -Қоян Ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Қимылмен орындайды.

	-Ертегі не туралы? -Ертегідегі кейіпкер кімдер? Ертегіден қандай тәрбие алдық?	Балалар сұрақтарға жауап береді.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Қайсысы кімге тиесілі» Суреттер беріледі, соларды сәйкестендіру.	Балалар ойынға белсене араласа отырып, суреттерді сәйкестендіреді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Қоянның жабайы аңдардың қатарынан екендігін.

Не меңгерді: Ертегінің мазмұнын терең түсініп, рөлге еніп ойнай алады.

Не істей алады: Ойынға белсене араласады.

Технологиялық карта №34

Күні: 13.05.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Арыстан мен адам

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға жабайы аңдар туралы мағлұмат беру, аңдармен таныстыру, олардың мекені туралы әңгімелеу.

Дамытушылық: Балалардың ой-өрісін дамыту, әрбір баланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жеке-дара жұмыс жүргізу.

Тәрбиелік: Бүлдіршіндерді ұғымталдыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шебері: Балалар мына өлеңді тыңдайықшы: Табиғатты қолдай біл, Аң құсыңды қорғай біл. Білуіміз керек біз оны Біз де табиғаттың ұлымыз. Табиғат бөлек деменіз, Сол үшін жауап береміз.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар, бұл өлең не туралы? Дұрыс, ал табиғат дегеніміз не? Ол бізді қоршаған орта, табиғатсыз тіршілік жоқ. Ол барлық тіршілік тіршілік иелерінің бірі жабайы	-Табиғат туралы

	андармен танысамыз. Сол жабайы аңдар туралы кезекті ертегіні баяндап беремін. Жұмбақ жасыру: 1. Көлеңкесінен қорқып безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. 2. Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес бірақ малды орады. 3. Бір аң бар қайраты көп, болған күшті Басынан өткізеді әрбір істі.   Балалар біздің бүгінгі ертегіміз осы аң патшасы арыстан туралы болмақ. Аң патшасы – арыстан туралы қандай ертегі немесе мультфильмдер білетіндерін сұрап, әңгімелету. а) «Арыстан мен адам» ертегісін оқып беру. ә) Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап. б) Ертегі мазмұнын сахналау. Сергіту сәті: Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Допты алып қолыма, Қойдым оның жолына. Оң қолына қарады, Сол қолына қарады. Тау екен деп ойлады,	-Қоян -Қасқыр -Арыстан Балалар тәрбиешінің берген мағлұматын мұқият тыңдайды. Ертегіні зер сала тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Атрибуттар киіп, ертегі сахналайды. Балалар қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Аңдардың қорегін тап» Суреттердегі аңдарды олардың қорегімен сәйкестендіру.	Ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Жабайы аңдардың және балаларының аттарын атап үйренеді

Не меңгерді: Оларға қамқорлықпен қарау керектігін түсінеді.

Не істей алады: Ертегіні мазмұндап, сахналай алады.

Технологиялық карта №35

Күні: 21.05

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс

Мақсаты:

Білімділік: Өз ойларын еркін жеткізуге үйрету

Дамытушылық: Баланың сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: Көркем әдебиетке қызығушылығын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: «Достық» ойыны Дос болып біз жүрейік, Ойнайықта күлейік. Достықдеген тамаша, Міне, тұрмыз жараса.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жарайсыңдар, балалар, жақсы айттыңдар. -Балалар мен сендерге бірнеше сұрақтар қойсам жауап бересіңдер ме? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап өтейікші -Қазір қай ай? Балалар, бүгін біздің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы: « Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс » -Балалар, мұндай ертегіні бұрын естіген жоқпыз, солай ма? -Ендеше бұл ертегі сендерді қызықтырып отыр деп ойлаймын. Сондықтан мен ертегіні айтып беремін. Ал сендер мұқият	 -Көктем -3ай -Иә, естімедік. -Иә

	тындандар. « Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап: - Әкесі балаларына қандай өсиет айтады? - Бірінші және екінші ұлы не себептен бай есігіне барады? - Бай келген адамдарға қандай жұмыс тапсырады? - Кіші ұлын ел қалай атайды? - Бай не себептен «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыстан» қашпақшы болды? - Ертегі қалай аяқталады? Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдыңнан жел еседі. Кіп кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі. Ертегіні сахналау.	Балалар ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді. Балалар атрибуттар киіп, ролдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Қарап ал да ,есіңе сақта» -Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық? -Ертегі не туралы? -Ертегі сендерге несімен ұнады?	Балалар ойынға белсене араласады. Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Суретке қарап мазмұнын айта білуі.

Не меңгерді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Не істей алады:Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттері артады.

Күні: 28.05.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Ақ тиін мен қасқыр

Мақсаты:


Білімділік: Балалардың әлеуметтік ортада жағымды мінез-құлқын қалыптастырады.

Дамытушылық: Балалардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын кеңейту.

Тәрбиелік: Өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жүректің макетін бір-біріне ұсынып, жақсы тілек, жақсы сөз айту. -Айсулу, сен өте сұлусың. -Дамир, сен мейрімдісің. -Жанерке, сен ақылдысың.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	«Кімге не тиісті?» дидактикалық ойыны.  3 «Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:</i> -Ақ тиін қандай жағдайға ұшырайды? -Қасқыр оған не дейді? -Оған қандай сауал қояды?	Ойынға белсене араласады. Балалар ертегі мазмұнын түсінеді, кері баяндап береді. Сұрақтарға жауап

	-Тиін не деп жауап береді? -Ақ тиіннің жауабына қандай баға бересіңдер? <i>4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.</i> Сергіту сәті: Қане, қане тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Оң жақтағы балаға, Сол жақтағы балаға Шапалақта шапалақ, Бишілерше бұралып, Дөңгелене билеңдер. Домбыраны қолға алып, Күйшілерше шертейік, Әсем әуен сазымен, Біз өнерді жалғайық	береді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Бәрі бірге: Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау-саламат болайық	Бәрі бірге айтады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегінің мазмұнын терең түсініп, сұрақтарға еркін жауап береді

Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме берді.

Не істей алады: Ертегіні сахналайды, ойынға белсене араласады.